

Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 61 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 шілдедегі
№ 573 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.07.2015 № 573 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы»
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық
кодексі) 653-бабының 6-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының
Қазақстан Республикасының
Үкіметінің
2012 жылғы 16 қаңтардағы
№ 61 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов
Республикасы

Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 653-бабы 6-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленген және акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Акциздік постылар лицензияда көрсетілген мекенжай бойынша салық төлеушілердің аумағында тікелей:
1) этил спиртин;

2) алкоголь өнімін;
3) темекі бұйымдарын;
4) бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын өндіруді жүзеге асыру орындарында орнатылады.

3. Сондай-ақ акциздік постылар салық төлеушілердің аумағында:
1) мұнай мен мұнай өнімдерін магистральдық мұнай өнімдері құбырлары арқылы орнын ауыстыру;
2) мұнай мен мұнай өнімдерін темір жол көлігімен орнын ауыстыру;
3) алкоголь өнімін, темекі бұйымдарын, бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын көтерме саудада өткізуі жүзеге асырғанда орнатылады.

4. Осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген акциздік постылар (мұнай мен мұнай өнімдерін магистральдық мұнай өнімдері құбырлары арқылы өткізуді жүзеге асыратын салық төлеушінің аумағында орнатылатын акциздік постыларды қоспағанда), осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес табыс етілетін хабарламада көрсетілген, акцизделетін тауарларды алған күннен бастап импортталаған акцизделетін тауарларды есепке алған күнге дейінгі мерзімге белгіленеді.

2. Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру тәртібі

5. Акциздік постылардың қызметін жедел басқаруды және үйлестіруді қызметтің жекелеген түрлері бойынша салық төлеушіні тіркеу орны бойынша облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық органдарының басшылары жүзеге асырады.

6. Акциздік постыларды ұйымдастыру, орналасқан орындары мен қызметкерлердің құрамы, салық төлеушілердің жұмыс режиміне сәйкес олардың жұмыс регламенті қызметтің жекелеген түрлері бойынша салық төлеушіні тіркеу орны бойынша салық органы басшысының бұйрығымен айқындалады.

7. Акциздік постының құрамы қызметтің жекелеген түрлері бойынша салық төлеушіні тіркеу орны бойынша салық органының лауазымды адамдарының қатарынан құралады (бұдан әрі - лауазымды адамдар).

Лауазымды адамдар осы Қағидаларда көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырған кезде Салық кодексінің акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері жөніндегі заңнаманың нормаларын, осы Қағидаларды басшылыққа алады.

8. Акциздік постының жұмыс кестесі осы Қағидалардың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген салық төлеушілердің жұмыс істеу режиміне сәйкес айқындалады.

9. Салық кодексінің 14-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттерден акцизделенетін тауарларды (жеңіл автомобильдерді және магистральдық құбырлармен өткізілетін акцизделетін тауарларды қоспағанда) өткізуді жүзеге асыратын салық төлеушілер көрсетілген тауарлардың әкелінетін орны бойынша салық органдарын үш жұмыс күнінен кешіктірмей олардың алдағы алу күні туралы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарландырады.

10. Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген хабарламаны алу орны бойынша салық органдары олардың есебін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналда жүргізеді.

11. Лауазымды адам акциздік постыда болған кезеңінде:

1) негізгі шикізатты, қосалқы материалдарды, акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін тиеп-жөнелткен, жүкті түсірген (қабылдаған), орнын ауыстырған кезде қатысуға және олардың көлемін тауарлардың ілеспе жүкқұжаттарында көрсетілген және есепке қабылдап алған деректермен салыстырып тексеруге;

2) алкоголь өніміне арналған есепке алу-бақылау таңбалардың түпнұсқалығын іріктеп тексеруді арнайы аспаптар арқылы жүзеге асыруға;

3) ағымдағы жұмыс күні ішінде әкелінетін акцизделетін өнімді қабылдауды (түсіруді) аяқтай алмаған жағдайда, кәсіпорынның жауапты қызметкерімен бірлесіп, қойма үй-жайларын, көлік құралдарын жұмыс істемейтін уақыт кезеңіне мөрлеп және (немесе) пломбалауға және акцизделетін тауарлардың қолда барын және олардың бүтіндігін тексеруге;

4) жұмыс істемейтін уақыт кезеңіне және тұрып қалған уақытта: акцизделенетін тауарлардың жекелеген түрлерін пайдалану мен жұмыс істеуін болдырмау үшін өндіру желілерін; спирт сақталатын қоймадан алкоголь өнімін өндіруге этил спиртін беру крандарын;

мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруге арналған шикі мұнайды, мұнай өнімдерін жіберу крандарын (бұрандаларын);

өндірушінің немесе көтерме сатушының кіру және шығу қақпаларын (өндірушімен немесе көтерме саудада сатушымен келісім бойынша); алкоголь өнімдерін өндірушінің араластыру цехындағы кіргізу және шығару құбыр желілерін;

мұнай өнімдерін араластыруды жүзеге асыратын кәсіпорындар мен шағын мұнай өндіруші зауыттардағы кіргізу және шығару құбыр желілерінің крандарын (бұрандаларын);

акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін сақтауға арналған қойма үй-жайларын;

дизель отынын, бензинді босату крандарын мөрлеуге және (немесе) пломба с а л у ғ а .

Мөрлеу және (немесе) пломбы салу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырғаннан кейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мөрлеу және (немесе) пломбы салу актісі жасалады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда көрсетілген мөрлер мен пломбаларды өндірушінің немесе көтерме саудада с а т у ш ы н ы ң ө к і л д е р і а л а д ы .

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай фактісін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай саласындағы уәкілетті орган растайды;

5) өндірушіден немесе көтерме сатушының басшысынан және басқа да лауазымды адамдардан акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіру мен айналымы жөніндегі мәліметтер мен құжаттарды өз өкілеттіктері шегінде с ұ р а т у ғ а ;

б) шаруашылық қызметке араласу құқығынсыз, қажет болған жағдайда қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтан өтумен, салық төлеушінің әкімшілік, өндірістік, қойма, сауда, қосалқы үй-жайларын зерттеуге;

7) өндірушінің немесе көтерме сатушының аумағынан (аумағына) шыққан (кірген) көлік құралдарын тексеріп қарауға;

8) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің, сондай-ақ осы Қағидаларда көрсетілген негізгі шикізат пен қосалқы материалдардың қалдықтарын шығаруды жүзеге асыруға, қалдықтарды шығару актісін осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасауға;

9) салық төлеушілерден қызметтің жекелеген түрлері бойынша қызметтің тиісті түрлеріне тіркеу карточкасының бар-жоғын сұратуға;

10) көлемі көлемді-салмақты әдіспен айқындалатын мұнай, бензин (авиациялықты қоспағанда), дизель отынын бұруды және (немесе) жіберуді б а қ ы л а у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

12. Акциздік постыдағы лауазымды адам:

1) салық төлеушілердің акцизделетін тауарларды өндіру мен өткізуді реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауына;

2) сатып алушыда лицензияның және (немесе) лицензияға қосымша болуына;

3) импортталатын акцизделетін тауарларды есепке қабылдауына;

4) акцизделетін тауарларды тек өлшеуші аппараттары арқылы бұруына және (немесе) жіберілуіне немесе есепке алу аспаптары арқылы сатуымен (күюмен), сондай ақ соңғылардың пломба салынған түрде пайдаланылуына;

5) салық төлеушінің акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін есепке алу-бақылау немесе акциздік таңбалармен таңбалау тәртібін сақтауына;

6) салық төлеушінің жіберілген кезінде акцизделетін тауарлардың жекелеген

түрлеріне ілеспе жүкқұжаттарын рәсімдеу тәртібін сақтауына;

7) акцизделетін тауарларға акциз ставкаларының дұрыс қолданылуына және акциздің бюджетке уақтылы және толық төленуіне;

8) акцизделетін тауарлардың өндірісі үшін негізгі шикізаттың, қосалқы материалдардың, дайын өнімнің, есепке алу-бақылау таңбаларының немесе акциздік таңбалардың қозғалысына бақылауды жүзеге асырады.

13. Акциздік постыдағы лауазымды адам:

1) негізгі шикізатты қабылдауға қатысады;

2) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіру кезінде пайдаланылатын құрал-жабдықты алып тастау, алмастыру немесе жаңасын енгізу жағдайы болғанда, бір жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде салық органы мен Салық комитетіне хабарлайды;

3) алкоголь өнімін өндірушінің жауапты тұлғасымен бірлесіп (көміртек қостотығымен қаныққанынан және шарап материалынан басқа) алкоголь өнімін құю желілерін жууды бастау мен аяқтауды есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналда белгілейді;

4) мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің есепке алу аспаптарының (болған жағдайда) көрсеткіштерін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналда белгілейді;

5) өндірушінің аумағында орнатылған акциздік постыдағы кезекшіліктен кейінгі екінші күні «Акциз» ақпараттық жүйесі арқылы осы Қағидаларға 7, 8-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша бензин және дизель отынын, этил спирті, алкоголь өнімін (шарап материалынан басқа) өндіру мен өткізу көлемдері туралы күн сайынғы есептерді Салық комитетіне беруді қамтамасыз етеді;

6) жекелеген қызмет түрлері бойынша салық төлеушінің тіркеу орны бойынша салық органына осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген есепті ай сайын толтыру үшін шеттен әкелінген алкоголь өнімі, темекі бұйымдары, бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны жөніндегі мәліметтерді жібереді;

7) мөрдің немесе пломбаның бұзылғанын немесе бұрмаланғанын (төтенше жағдайлар туындауын қоспағанда) не спирт өлшеуші аппараттардың бақылаушы есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің бұрмаланғанын анықтаған немесе белгіленбеген үлгідегі және (немесе) сәйкестендіруге жатпайтын есепке алу-бақылау немесе акциздік маркаларды, алкоголь өніміндегі есепке алу-бақылау маркасының, темекі бұйымдарында акциздік маркалардың жоқ екендігін анықтаған жағдайда тиісті акт жасайды.

Көрсетілген фактілер олар анықталған сәтінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жоғарыда тұрған салық органына жазбаша түрде жеткізіледі.

14. Мұнай мен мұнай өнімдерін магистральдық мұнай өнімдері құбырлары, темір жол көлігі арқылы орнын ауыстыруды жүзеге асыратын салық төлеушіде орнатылған акциздік постыда отырған лауазымды адам:

1) мұнай және мұнай өнімдерін есепке алу аспаптарының (бар болған жағдайда) көрсеткіштерін жұмыс күнінің басында және аяғында осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналда белгілейді;

2) көлемі көлемді-салмақтық әдіспен айқындалатын мұнай, бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын қабылдауға және тиеспендігіне қатысты;

3) Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттерден мұнай мен мұнай өнімдерін магистральдық мұнай өнімдері құбырлары, темір жол көлігі арқылы орнын ауыстырған мұнай және мұнай өнімдері жөніндегі мәліметтерді қызметтің жекелеген түрлері бойынша салық төлеушінің тіркеу орны бойынша салық органына осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген ай сайын есепті толтыру үшін жібереді.

15. Салық төлеушінің тіркеу орны бойынша салық органы Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттерден өткізілген мұнай мен мұнай өнімдерін, Кеден одағына мүше мемлекеттерден әкелінген алкоголь өнімі, темекі бұйымдары, бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны жөніндегі есептерді ақпараттық жүйе арқылы есепті айдан кейінгі айдың 10 күнінен кешіктірмей Салық комитетіне осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беруді қамтамасыз етеді.

16. Этил спирті, алкоголь өнімін, темекі бұйымдарын, бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын өндірушінің аумағында орнатылған акциздік постыда отырған лауазымды адам осы Қағидалардың 11, 12 және 13-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша журналдарды күн сайын жүргізеді.

Бұл ретте араластыру кезінде шикізат ретінде пайдаланылатын мұнай өнімдерінің көлемдері негізгі шикізаттың қозғалысы журналында көрсетіледі.

Журналдар нөмірленеді, бауланады, басшының қолы қойылады және тиісті салық органының мөрі басылады.

3. Қорытынды ережелер

17. Акциздік постылардың қызметін бақылау Салық комитетіне салық органдары берген деректерді талдау және салық органдары мен Салық комитетінің акциздік постыларға тексеру жүргізуі арқылы жүзеге асырылады.

Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру қағидаларына 1-қосымша

НЫСАН

**Кеден одағына мүше мемлекеттерден акцизделетін тауарларды
(жеңіл автомобильдерді және магистральдық құбыржолдармен
өткізілетін акцизделетін тауарларды қоспағанда)
алдағы алу күні туралы хабарлама**

(салық органының атауы)
Салық төлеушінің атауы: _____

СТН _____, БСН _____

Заңды мекенжайы: _____

Жекелеген қызмет түрлері бойынша салық органдарындағы тіркеу карточкалары туралы ақпарат: берілген күні _____ 20 __ __ жылға, сериясы _____ № _____

Алкоголь өнімін сақтауға және көтерме саудада сатуға мемлекеттік лицензия туралы деректер:

1) берілген күні _____ 20 __ __ жыл, № _____

2) берілген күні _____ 20 __ __ жыл, № _____

№	Алкоголь өнімін, темекі бұйымдарын алу жоспарланатын қойма орындарының мекенжайы	Резервуарлық парктің мекенжайы және бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын сақтауға арналған сыйымдылықтың нөмірі	Алынған күні	Өнімнің түрі	Жалпы мөлшері (алкоголь өнімі үшін – дал, темекі бұйымдарына – 1000 дана, бензин және дизель отынына - тонна)
1	2	3	4	5	6

Басшысының аты-жөні _____

_____ негізінде әрекет жасайтын

уәкілетті өкілдің аты-жөні _____

_____ / _____ / _____

(күні) (хабарланушының қолы) (хабарланушының аты-жөні)
Акциздік постылардың қызметін
ұйымдастыру қағидаларына
2-қосымша

нысан

Кеден одағына мүше мемлекеттерден акцизделетін тауарларды (жеңіл автомобильдерді және магистральдық құбыржолдармен өткізілетін акцизделетін тауарларды қоспағанда) алдағы алу күні туралы хабарламалар журналы

№	Салық органының коды	Салық төлеушінің атауы	Салық төлеушінің СТН/БСН	Акцизделетін тауардың түрі	Хабарлама алынған күні	Акцизделетін тауардың алдағы алынатын күні	Мөлшері (алкоголь өнімі үшін – дал, темекі өнімдеріне – 1000 дана, бензин және дизель отынына - тонна)	Салық органы қызметкерінің аты-жөні
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру қағидаларына 3-қосымша нысан

Мөр немесе пломба салу актісі

№	Күні	Салық органының коды	Кәсіпорынның атауы	Кәсіпорынның СТН/БСН	Мөр немесе пломбаны салу орны	Пломбиратордың бедері, бір рет пайдаланатын бақылау пломбасының нөмірі, мөрдің деректері	Салынған пломбалардың немесе мөрлердің саны
1	2	3	4	5	6	7	8

Акциздік посты қызметкерінің аты-жөні _____
(қолы) _____

Акциздік посты қызметкерінің аты-жөні _____
(қолы) _____

Мекеменің уәкілеттік берілген мүшесінің аты-жөні _____
(қолы) _____

Мекеменің уәкілеттік берілген мүшесінің аты-жөні _____
(қолы) _____

Акциздік постылардың қызметін
 ұйымдастыру қағидаларына
 6-қосымша
 нысан

**Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алу
 аспаптарының көрсеткіштер журналы**

№	Күні	Салық органының коды	Кәсіпорынның атауы	Кәсіпорынның СТН/БСН	Өнімнің түрі	Күннің басындағы есепке алу аспаптарының көрсеткіштері	Күннің аяғындағы есепке алу аспаптарының көрсеткіштері	Акциздік посты лауазымды тұлғаның аты-жөні
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Акциздік постылардың қызметін
 ұйымдастыру қағидаларына
 7-қосымша

**Акциздік постылардың деректері бойынша этил спиртін және/немесе
 алкоголь өнімін өндіретін кәсіпорындардың өндіріс және өткізу
 көлемдері туралы есеп**

Р/с №	Өндіруші кәсіпорынның СТН/БСН	өндіруші кәсіпорынның атауы	күннің басына өнім қалдығы	есепті кезеңде өндірілген этил спирті мен алкоголь өнімі				
				түрі	өнімнің атауы	шөлмек (дана) (шөлмекке құйылған алкоголь өнімі үшін)	шөлмектің сыйымдылығы (шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	даллда
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

өлшеу аппаратының көрсеткіштері				
спирт өлшеуші	күннің басына спирт өлшеуші	күннің соңына спирт өлшеуші	күннің басына АӨЕЖ есептеуішінің	күннің соңына АӨЕЖ есептеуішінің

апаратының №	апаратының көрсеткіштері	апаратының көрсеткіші	құю желісінің №	көрсеткіштері V-(литр), N1-(шөл.), N2-(шөл.)			көрсеткіштері V-(литр), N1-(шөл.), N2-(шөл.)		
				V	N1	N2	V	N1	N2
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19

кестенің жалғасы

басқа жақтан келіп түсті немесе одан әрі сатылған өнімді қайтару						
кіріс түрі (басқа жақтан немесе қайтарылған)	түрлері бойынша	шөлмек данада (шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	шөлмекте сыйымдылық (шөлмектерге құйылған алкоголь өнімін үшін)	далда	жеткізушінің СТН/БСН	жеткізуші заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның атауы
20	21	22	23	24	25	26

кестенің жалғасы

есепті кезеңде заңды немесе жеке тұлғаға тиіп-жөнелтілген этил спирт және алкоголь өнімі						
түрі	данадағы шөлмек (шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	шөлмектің сыйымдылығы (шөлмектерге құйылған алкоголь өнімі үшін)	далда	алушының СТН/БСН	алушы заңды немесе жеке тұлғаның атауы	күннің соңына өнім қалдығы
27	28	29	30	31	32	33

Акциздік ұйымдастыру 8-қосымша нысан

постылардың қағидаларына

қызметін

**Акциздік постының деректері бойынша мұнай өнімдерін өткізу
(тиеп-жөнелту) көлемдері туралы күн сайынғы есеп
_____ жағдай бойынша**

Р/с №	Өндірушінің СТН/БСН	өндіруші кәсіпорынның атауы	мұнай өнімінің түрі	Пин-код	тиеп-жөнелтілген (тонна)	операция коды	ілеспе жүк құжатының күні	ілеспе жүк құжатының нөмірі	Алушы кәсіпорын СТН/БСН
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру қағидаларына 9-қосымша нысан

Магистральдық мұнай өнімдері құбыры арқылы мұнай және мұнай өнімдерін өткізуді жүзеге асыратын салық төлеушінің мұнайы мен мұнай өнімдерін есепке алу аспаптарының көрсеткіштер журналы

№	Күні	Салық органының атауы	Кәсіпорынның атауы	Кәсіпорынның СТН/БСН	Өнімнің түрі	Күннің басындағы есепке алу аспаптарының көрсеткіштері	Күннің аяғындағы есепке алу аспаптарының көрсеткіштері	Акциздік постының лауазымды тұлғасының аты-жөні
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Акциздік постылардың қызметін ұйымдастыру қағидаларына 10-қосымша нысан

Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттерден өткізілген мұнай мен мұнай өнімдері, Кеден одағына мүше мемлекеттерден әкелінген алкоголь өнімі, темекі

Акциздік
ұйымдастыру
13-қосымша
нысан

постылардың
қағидаларына

қызметін

Шыны ыдысы қозғалысының журналы

Күні	Шыны ыдысының қозғалысы, дана.					
	Күннің басына қалдығы	Алынды	Өндірістік шығындар	Өндіріске жіберілген	қайтару	Күннің соңына қалдығы
1	2	3	4	5	6	7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК